

## ТҮРКІ КЕҢЕСІ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛЕРІНІҢ СЕГІЗІНШІ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ



17 қазанда Қырғызстан астанасы Бішеке қаласында Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесің экономика министрлерінің 8 ші кездесуі өтті. Жиынға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Мажарстан және Түркі кеңесі хатшылығының өкілдері қатысты.

Жиында баяндама жасаған Қырғыз Республикасы экономика министрі Олге Панкратов өз сөзінде Түркі кеңесіне мүше елдердің арасында ұйымдастырылатын осынау кездесулер биыл сегізінші мәрте өтіп отырғанын әрі түркітілдес мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және саяси байланыстарды нығайту үшін жақсы платформаға айналғанын атап өтті.

Естеріңізге салар болсақ, жақында өткен Түркі кеңесі мемлекет басшыларының 6 саммитінде Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков экономиканы диверсификациялау, көлік дәліздерін кеңейту, кәсіпкерлікті дамыту мен инвестициялық климатты жақсарту мәселелеріне назар аударған болатын.

Кездесуде Әзербайжан Республикасы экономимкалық даму министрінің орынбасары Сахиб Мамедов, Түркия Республикасының сауда министрінің орынбасары Гонжа Ышык Йылмаз Батур, Түркі кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев, Мажарстанның Қырғызстандағы төтенше және өкілетті елшісі Андраш Барани баяндама жасады. Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары, экономикалық ынтымақтастық бойынша жұмыс тобының модераторы Өмер Кожаманның баяндамасын тыңдап, «Астана қаласындағы халықаралық қаржы орталығының» басқарушы директоры Айдар Қазыбаевтың таныстырылымын тамашалаған кездесуге қатысушылар

Кеңеске мүше елдердің экономикалық ынтымақтастығын одан әрмен дамыту мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, кездесуде Әзербайжан тарапы Қырғызстанға туризм саласы бойынша біріккен кәсіпорын құру туралы ұсыныс білдірді. Аталған бастаманы Әзербайжан Республикасы экономимкалық даму министрінің орынбасары Сахиб Мамедов ортаға тастады. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық жөнінде пікір білдірген вице-министр агросектордағы байланыстардың жақсы деңгейге көтерілгенін атап өтті. Оның сөзіне қарағанда, 2017 жылы Әзербайжан Қырғызстан экономикасына 18,8 млн доллар инвестиция құйған, ал Қырғызстан болса Әзербайжан экономикасына 2 млн доллар инвестиция салыпты.

Кездесу қарсаңында Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесіне мүше елдердің және Түркі кеңесі хатшылығының мамандарының қатысуымен экномикалық ынтымақтастық бойынша жұмыс тобының 10 шы отырысы өтті.

## ТҮРКІМЕНСТАННЫҢ ҮКІМЕТТІК ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ЖАПОНИЯҒА САПАР ЖАСАДЫ



22-23 қазанда Түркіменстан министрлер кабинетінің төрағасының орынбасары, Сыртқы істер министрі Рашид Мередов бастаған Түркіменстанның үкіметтік делегациясы мемлекет басшысы Ғұрбанғұлы Бердімұхамедовтың тапсырмасына сәйкес Жапонияға сапар жасады. Онда маңызды бағыттар бойынша мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша келіссөздер жүргізді.

Түркіменстан делегациясын Жапония премьер-министрі Синдзо Абэ қабылдады. Өз елінің Түркіменстанмен өзара тиімді байланыстарды нығайтуға мүдделі екендігін айтқан жапон үкіметінің басшысы Президент Ғ.Бердімұхамедовке түркімен-жапон қатынастарын нығайтуға қосқан жеке үлесі үшін алғыс білдірді.

Синдзо Абэ 2015 жылдың қазан айында Ашхабадқа жасаған ресми сапарын, өзі мен жұбайына көрсетілген құрметті ықыласпен еске алды. Кездесу кезінде түрлі бағыттардағы, соның ішінде саяси-дипломатиялық, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық бойынша пікір алмасылды. Сонымен

қатар, Синдзо Абэ Түркіменстан Президенті Ғ.Бердімұхамедовке БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде Жапонияның 2023-2024 жылдары мүше болу үшін ұсынған кандидатурасын, Осака қаласында EXPO-2025 көрмесін өткізу бастамасын қолдағаны үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар, Жапония премьер-министрімен арадағы келіссөздер кезінде түркіменстандық делегацияның мүшелері Жапонияның бірқатар салалық министрліктерінің жетекшілерімен кездесіп, екіжақты әріптестік, қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру бойынша мәселелерді қарастырды. Атап айтқанда, Жапония туризм, жер, инфрақұрылым және көлік министрні Кеичи Ишиимен жасалған келіссөздер кезінде көлік саласындағы ынтымақтастықтың кейбір аспектілері сөз болды. Соның ішінде басымдық кеме жасау, автомобиль және темір жол көлігіне қатысты мәселелерге басымдық берілді.


Жапония Сыртқы істер министрі Таро Кономен кездесуде тараптардың мүддесіне сәйкес келетін аймақтық және халықаралық саясат мәселесі қаралды. Кездесуде тараптардың жаһандық мәселелерге қатысты көзқарастары, халықаралық ұйымдардағы, көпжақты және екі жақты келіссөздердегі ұстанымдары сәйкес келетіні айтылды.

Жапония коммуникация және ішкі істер министрі Масатоши Ишидамен кездесуде телекоммуникация мен байланыс салаларында бірлесіп жұмыс істеу туралы сөз болды. Әсіресе, Жапония тарапы Түркіменстан мен Әзербайжан арасында су асты арқылы оптикалық-талшықты кабель тарту мәселесіне қызығушылық танытты.

Күн шығыс елі Премьер-министрінің орынбасары, қаржы министр Таро Асомен кездесуде экономикалық саладағы серіктестік турасында пікір алмасылды. Соның ішінде, жапон компанияларының қатысуымен Түркіменстанда жүзеге асырылатын жобаларды қаржыландыру туралы сөз болды. Жапония вице-премьері Түркіменстан Президенті Ғұрбанғұлы Бердімұхамедовтың 2013 жылы Жапонияға жасаған ресми сапарының нәтижесінде екі жақты қатынастардың тереңдей түскенін атап өтті.

Жалпы, түркіменстандық делегация сапар барысында ірі корпорациялар мен компаниялардың өкілдерімен кездесіп, кең көлемді сауда-экономикалық әріптестік орнату мәселелерін талқылады. Бизнес-форум нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды.

**ӨЗБЕКСТАНДА ЖАҢА АГЕНТТІК ҚҰРЫЛАДЫ**



Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев «Мемлекет-жеке меншік әріптестігін дамыту мен үйлестірудің тиімді жүйесін ұйымдастыру бойынша іс-шаралар туралы» қаулыға қол қойды. Осы құжатқа сәйкес Өзбекстанда Қаржы министрлігі жанынан мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту бойынша агенттік құрылады.

Жаңа агенттік мүдделі министрліктермен және ведомствалармен бірлесе отырып мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту бағдарламасын әзірлейді. Бұл бағдарламада басымдық берілген салалар, соның ішінде әлеуметтік сала ескерілімек. Сонымен қатар, агенттік мемлекет-жекеменшік серіктестігінің құқықтық және институционалды базасын ынғайтуға атысалысады, мемлекет-жекеменшік серіктестігінің тиімділігін бағалайды әрі бұл бағыттағы жобаларды жүзеге асыруға қатысты әдіснамалар әзірлейді.

Сонымен қатар, агенттің инвесторлармен, қаржыландырушы ұйымдармен, халықаралық қаржы және донорлық ұйымдармен, ғылыми және сараптамалық қауымдастықпен тығыз қарым-қатынас орнатады.

Агенттің мемлекет-жеке меншік әріптестігін дамыту бойынша үлестіру қызметін атқаратын уәкілетті болыпа саналады және заңды тұлға құқы бар мемлекеттік мекеме болып саналады. Өз қызметінде агенттік мемлекеттік және шаруашылық басқарудың өзге мемлекеттік органдарынан, жергілікті басқару органдарынан тәуелсіз, тек Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігіне бағынатын құрылым болмақ.

# БАКУДЕ VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ФОРУМ ӨТТІ



25-26 қазанда Әзербайжан астанасы Баку қаласында «Жаңа әлем мен жаңа адамды қалыптастырамыз: адамның шығармашылығы мен дамуы» деген атпен VI Халықаралық гуманитарлық форум өтті. 2010 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан форумның бастамашылары Әзербайжан мен Ресей президенттері.

Халықаралық гуманитарлық форум көптеген танымал мемлекет қайраткерлерінің, түрлі салалар бойынша Нобель сыйлығының иегерлерінің, ықпалды халықаралық ұйымдар жетекшілерінің, сонымен қатар, әлемдегі саяси, ғылыми және мәдени элита өкілдерінің басын қосатын, пікір алмасу мен мәселелерді талқылауға, жаһандық сипаттағы диалогтарға негізделген жиын.

Форумды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың – әлемдік мәдени элитаның өкілдерінің басты мақсаты табиғи, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында қалыптасқан жаңа күн тәртібі мәселелерін дүниежүзілік деңгейде талқылау. Сондай-ақ, аталған мәселелерді халықаралық деңгейге ышңғарып, көпшіліктің назарын аудару да форум мақсаттарының бірі.

Биылғы форумға 86 мемлекет пен 24 халықаралық ұйымның 581 өкілі, соның ішінде 416 шетелдік өкіл қатысты. VI гуманитарлық форумға қатысушылар арасында

БҰҰ Бас хатшысының екі орынбасары, ISESCO, IRSICA, ТюркПА, ТЮРКСОЙ, Қара теңіз аймағы экономикалық ынтымақтастық ұйымының (BSEC), Парламентараалық одақ (IPU), БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесі (ECOSOC) сияқты ұйым жетекшілері, ЮНЕСКО, ТМД атқарушы комитеті төрағаларының орынбасарлары тәрізді көптеген лауазымды тұлғалар болды.

## ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ ИСЛАМ ЖАРЫЛҒАПТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қарағанды облысы Тілдерді дамыту басқармасы, «Түрксой» түркі мәдениеті мен өнерін дамыту халықаралық ұйымымен бірлесіп, ғалым, аудармашы Ислам Жарылғаповтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ сөзжасамы: тарихы, бүгін, келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.

Қарағанды қаласында өткен конференцияның ашылу салтанатында Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов, «Түрксой» ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, TWESCO басшысы Дархан Қыдырәлі құттықтау сөз сөйледі. Академия басшысы өз сөзінде ғалымның термин жасаудағы, аударма саласындағы еңбегіне тоқталды.

Жиында ғалымдар Ислам Жарылғаповтың термин жасаудағы ғана емес, аударма ісіндегі еңбегін, жазушылығын, сонымен қатар қазіргі замандағы терминология мәселелерін талқыға салды. Сондай-ақ, конференцияға қатысушылар термин жасауда түркітілдес мемлекеттер тәжірибесіне де назар аударды.